**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні**:22.10.2018

**Білім беру саласы**:Таным

**Бөлімі:**Қарапайым математика

**Тақырыбы:** 20-ға дейін санап үйренемін .Санау бойынша нешінші ?қанша?

**Мақсаты:**20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау**.**Заттарды саны бойынша санап,салыстыру ,олардың реттік номерін анықтау.

**Көрнекілік:**1-ден 20-ға дейінгі сандар,ойын

| Іс-әрекет | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Амандасу<br>Шаттық шеңбері<br>Біз тәртіпті баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Қонақ келсе ізетпен ,<br>Сәлемдесіп аламыз. | Балалар амандасты,шаттық шеңберін бірге орндады, |
| Іздену-ұйымдастырушылық | -Сабаққа келгенді жақсы көресіңдер ме?<br>-Нешеге дейін санай аласыңдар?<br>-1-ден 20-ға дейінгі сандарды кім тура және кері санап береді ?<br>-Заттарды санай аласыңдар ма?<br>-Ендеше заттардың санын айтып,1-ден 20-ға дейінгі сандарды тура және кері санап үйренейік.<br><br>**Дид/қ ойын:**Кім шапшаң.<br>Балаларға суреттер көрсетіледі,солардың атауын және санын санап айтулары керек.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ортымыздан тұрамыз,<br>Мойнымызды бұрамыз.<br>Қолымызды көтеріп.<br>Саусақты ашып,жұмамыз.<br>Онан соң төмен түсіріп.<br>Алақанды соғамыз.<br>Бір аптада<br>Бір аптаның күндері өтті:<br>1.Дүйсенбіде гүлдер ектім.<br>2.Сейсенбіде алма тердім.<br>3.Сәрсенбіде су әкелдім. | -Иә<br><br>Балалар білетін сандарын айтып өтті.<br><br>Балалар тура және кері санап берді.<br><br>иә<br>Балалар суреттерге қарап заттардың санын,атауын айтып берді.<br><br>Ойын ойнап сергіп алды<br><br>Санамақ айтты |

| | | |
|---|---|---|
| | 4.Бейсенбіде бақша баптап,<br>5.Жұма күні тақпақ жаттап,<br>6.Сенбіде мен саған бардым.<br>7.Жексенбіде бір демалдым<br><br>**Дәптермен жұмыс:**<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Мойнымызды бұрамыз.<br>Қолымызды көтеріп.<br>Саусақты ашып,жұмамыз.<br>Онансоң төмен түсіріп,<br>Алақанды соғамыз | Балалар дәптермен жұмыс жасады, сергіту сәтін орындады |
| Рефлексивті қорытындылау | -Балалар сабақ ұнады ма?<br>-Заттардың санын анықтай аласыңдар ма?<br><br>Балалар мадақталды<br>Жарайсыңдар,бүгінгі сабаққа жақсы араластыңдар. | -Иә<br>-иә<br><br>Балаларға жұлдызшалар таратылды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:**Сандарды ретімен айтуды білулері керек

**Меңгеру**:Заттардың санын табуды меңгеру керек

**Игеру**:1-ден 20-ға дейін тура және кері санауды игеру керек